Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің
2021 жылғы 16 маусымдағы № 120
қаулысымен
бекітілді

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ
СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ ӘДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ
ҒАБИТ МҮСІРЕПОВ АТЫНДАҒЫ АУДАНАРАЛЫҚ ӘДІЛЕТ
БАСҚАРМАСЫ» РММ
2021 ж. "29" маусым
ЗАҢДЫ ТҰЛҒАНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК
ҚАЙТА ТІРКЕУІ ЖҮРГІЗІЛДІ
БСН 980740000552
АЛҒАШҚЫ ТІРКЕЛГЕН КҮНІ
1998 ж. "07" шілде

«Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы»
коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Шөптікөл арнайы мектеп-
интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің
ЖАРҒЫСЫ

Шөптікөл ауылы

1. Жалпы ережелер

1. «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Шөптікөл арнайы мектеп-интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі-Мекеме) білім беру және арнайы функцияларды жүзеге асыру үшін ұйымдастырушылық-құқықтық нысанда құрылған мекеме, заңды тұлға мәртебесіне ие коммерциялық емес ұйым болып табылады.

2. Мекеме түрі: коммуналдық.

3. Мекеме Көкшетау облыстық халық депутаттары Кеңесінің 1988 жылғы 7 маусымдағы № 244-9 шешімімен құрылды.

4. Мекеменің құрылтайшысы Солтүстік Қазақстан облысының әкімдігі (бұдан әрі-Уәкілетті орган) болып табылады.

Уәкілетті органның заңды мекенжайы:
150011, Солтүстік Қазақстан облысы,
Петропавл қаласы,
Қазақстан Конституциясы көшесі, 58.

Мекеменің тиісті саласының уәкілетті органы «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі-Басқару органы) болып табылады.

Басқару органының заңды мекенжайы:
150011, Солтүстік Қазақстан облысы,
Петропавл қаласы,
Қазақстан Конституциясы көшесі, 58.

5. Мекеменің атауы:

Мемлекеттік тілде: «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Шөптікөл арнайы мектеп-интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

Орыс тілінде: коммунальное государственное учреждение «Шоптыкольская специальная школа-интернат» коммунального государственного учреждения «Управление образования акимата Северо-Казахстанской области».

6. Мекеменің орналасқан жері:
150713, Солтүстік Қазақстан облысы,
Ғабит Мүсірепов атындағы аудан,,
Шөптікөл ауылы,
Целинная көшесі, 24.

2. Мекеменің заңды мәртебесі

7. Мекеме мемлекеттік тіркелген сәттен бастап құрылған болып есептеледі және заңды тұлға құқығына ие болады.

8. Мекеменің Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес дербес балансы, банктерде шоттары, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік

1

Елтаңбасы бейнеленген және мекеменің атауы бар бланкілері, мөрлері болады.

9. Мекеме басқа заңды тұлғаны құра алмайды, сондай-ақ оның құрылтайшысы (қатысушысы) бола алмайды.

10. Мекеме өз міндеттемелері бойынша өз билігіндегі ақшамен жауап береді.

11. Мекеменің азаматтық-құқықтық мәмілелері олар Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің аумақтық қазынашылық бөлімшелерінде міндетті тіркелгеннен кейін күшіне енеді.

3. Мекеме қызметінің мәні мен мақсаттары

12. Мекеме қызметінің мәні ата-анасының қамқорлығынсыз қалған жетім балаларды, ерекше білім беру қажеттіліктері бар уақытша болатын балаларды арнайы (түзету) бағдарламалармен (ақыл-есі кем балалар мен оқытудың бірінші сатысында психикалық дамуы тежелген балалар үшін) және жалпы білім беретін мектеп бағдарламаларымен (оқудың екінші сатысында психикалық дамуы тежелген оқушылар үшін), өмірдің қиын жағдайына тап болған ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды оқыту және тәрбиелеу болып табылады. Олардың танымдық іс-әрекеті мен эмоционалды-ерікті саласындағы кемшіліктерді барынша жеңу, жоғалған функцияларды қалпына келтіру, бастапқы және қайталама бұзылуларды түзету, қауіпсіздік анализаторларының функцияларын дамыту.

13. Мекеме қызметінің мақсаты ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар мен жасөспірімдерді психологиялық-педагогикалық түзету және оңалту түрінде кешенді психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету, оларды қоғамдағы өмірге барынша бейімдеу, дербес еңбек қызметіне дайындау болып табылады.

14. Мақсатқа жету үшін Мекеме келесі қызмет түрлерін жүзеге асырады:

1) психикалық дамуы тежелген балалар мен ақыл-есі кем балалар үшін білім берудің Мемлекеттік стандарттарын іске асыру жағдайларын қамтамасыз ету;

2) бастапқы кәсіптік даярлықпен бастауыш және негізгі жалпы арнайы (түзету) білім беру бағдарламаларын іске асыру;

3) оқушылардың әлеуметтік-еңбекке бейімделуіне ықпал ететін компенсаторлық мүмкіндіктерін қалыптастыру, балалар мен жасөспірімдерді оңалту және қоғамға кіріктіру, түзету қолдауын дараландыру;

4) пәнаралық команда мамандарының бала проблемаларын кешенді зерттеуі (командалық бағалау) және баланың медициналық, психологиялық, түзету - педагогикалық және әлеуметтік көмекке мүмкіндіктері мен қажеттіліктерін айқындау, түзету қолдауын дараландыру;

5) азаматтыққа және патриотизмге, өз Отаны – Қазақстан Республикасына сүйіспеншілікке, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, халық дәстүрлерін қастерлеуге, Конституцияға қайшы және қоғамға қарсы кез

келген көріністерге төзбеуге тәрбиелеу, оқу-тәрбие жоспарында көзделген барлық іс-шаралар мемлекеттік тілдің басымдығына негізделуге тиіс;

6) республиканың қоғамдық-саяси, экономикалық және мәдени өміріне қатысу қажеттіліктерін, жеке адамның өз құқықтары мен міндеттеріне саналы көзқарасын қалыптастыру;

7) әлемдік және отандық мәдениеттің жетістіктеріне баулу, қазақ және Қазақстан Республикасының басқа да халықтарының тарихын, әдет-ғұрыптары мен дәстүрлерін зерделеу;

8) оқытудың жаңа технологияларын енгізу және білім беруді ақпараттандыру;

9) медициналық қызметті жүзеге асыру;

10) салауатты психологиялық ахуал қалыптастыру.

4. Мекеменің білім беру процесі

15. Мекемеде білім беру процесін ұйымдастыру оқу жоспары негізінде құрылады және жылдық күнтізбелік оқу және сабақ кестелерімен реттеледі.

16. Мекеме оқытудың нысандарын, құралдары мен әдістерін дербес таңдайды. Білім алушыларды ағымдық бақылау, аралық аттестаттау қолданыстағы заңнамаға сәйкес жүргізіледі.

17. Мекемедегі білім мазмұны негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары ескеріле отырып, іске асырылатын бағдарламалармен және оқу жоспарларымен айқындалады.

18. Мекемеде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің оқу жоспарына сәйкес аптасына міндетті оқу сағаттарының саны белгіленеді. Әкімшіліктің бастамасы бойынша ағымдағы жылға белгіленген оқу жүктемесінің көлемін осы жылдың соңына дейін азайтуға болмайды.

19. Мекемеде дамуында қарай ауытқулары бар мектеп жасына дейінгі балаларға арналған топ және мектепалды даярлық сыныбы құрылуы мүмкін.

20. Топтар жастары бір немесе әртүрлі жастағы принципі бойынша жинақталады. Мекеме қызметін ұйымдастыру тәртібі туралы қағидаларға сәйкес топтардың толықтырылуы белгіленеді.

21. Балаларға арналған Мекеме педагогикалық кеңесінің шешімі бойынша (интеллектуалды бұзушылықтары бар) және қажеттілік туған жағдайда ақыл-есі кем балаларға арналған арнайы сыныптар ашылуы мүмкін.

22. Әлеуметтік-тұрмыстық бағдарлау бойынша факультативтік сабақтарды өткізу кезінде сынып екі топқа бөлінеді, сыныптағы оқушылар саны аз болған жағдайда сынып кіші топтарға бөлінбейді. Әлеуметтік пайдалы өнімді еңбекті ұйымдастыру кезінде 5-сыныптан бастап сынып оқушылардың еңбек дайындығының бейіндерін ескере отырып, топтарға бөлінеді.

23. Кәсіптік-еңбекке оқыту сабақтары үшін сыныптар, 5-сыныптан бастап. Топтарды еңбек түрлері бойынша жинақтау, оқушылардың

психофизикалық жағдайы мен мүмкіндіктерін ескере отырып, дәрігердің ұсынымдары негізінде жүзеге асырылады.

24. 9-10-сыныптардағы еңбек практикасы мектеп шеберханалары базасында, 10-сыныптарда-кәсіпорында өндірістік база мен дәрігердің қорытындысы болған кезде жүзеге асырылады. Еңбек практикасынан өту мерзімі мен тәртібін мектептің педагогикалық кеңесі айқындайды.

25. Мекеме мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес мемлекеттік, орыс және басқа тілдерді оқып-үйренуді және дамытуды қамтамасыз етеді.

26. Мекемеде оқу қосалқы мектептің сыныптарында еңбекке оқыту бойынша емтиханмен аяқталады (8 түрі). Психикалық дамуы тежелген балаларға арналған сыныптарда (7 түрі мектеп) негізгі мектепте оқыту қорытынды аттестаттаумен аяқталады. Білім алушылар заңнамалық тәртіппен қорыту емтихандарынан босатылуы мүмкін. Ақыл-есі кем оқушылар қорыту емтихандарын тапсырмайды.

27. Мекеме білім алушыларға бюджет қаражаты есебінен тегін білім беру қызметтерін көрсетеді.

28. Мекемеге мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты шеңберінде ақылы негізде қызмет көрсетуге тыйым салынады.

5. Мекеменің оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру

29. Мекеменің оқу-тәрбие қызметі мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары негізінде әзірленген оқу жоспарлары мен бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылады.

Оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру орыс тілінде жүзеге асырылады, қажет болған жағдайда мемлекеттік тілде оқытатын сыныптар ұйымдастырылады.

30. Мекемедегі білім мазмұны тәрбиеленушілердің психофизикалық даму ерекшеліктері мен жеке мүмкіндіктеріне қарай әзірленетін білім беру бағдарламасымен (білім беру бағдарламаларымен) айқындалады.

31. Ерекше білім беру қажеттілігі бар балалар үшін облыстық психологиялық-медициналық - педагогикалық консультациялардың (бұдан әрі - ОПМПК) ұсынымдары ескеріле отырып айқындалатын, білім алушылар мен тәрбиеленушілердің даму ерекшеліктері мен әлеуетті мүмкіндіктері ескерілетін арнайы білім беру бағдарламалары әзірленеді.

32. Оқу-тәрбие процесі ОПМПК деректерімен және баланы клиникалық зерттеумен негізделген сараланған және жеке көзқарас қағидаттары негізінде жүзеге асырылады. Сөйлеудің, зейіннің, өнімділіктің ерекшеліктерін жүйелі зерттеу оқушылардың даму динамикасын, оқушылардың нақты білімін, оқу материалын игеру мүмкіндіктері мен ерекшеліктерін анықтау, оқушының даму болашағын анықтау және түзету жұмыстарының құралдарын таңдау үшін жүзеге асырылады.

33. Жалпы білім беру білімін және еңбекке дайындығын тереңдету, сондай-ақ оқушылардың жан-жақты қызығушылықтары мен қабілеттерін дамыту үшін Мекемеде таңдау курстары, элективті курстар, қоғамдық пайдалы еңбек сағаттары қарастырылған.

34. Тәрбиеленушілердің дамуындағы ауытқуларды еңсеру мақсатында Мекемеде топтық және жеке түзету сабақтары өткізіледі.

35. Мекеменің педагогикалық кеңесі мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары шеңберінде оқуда қиындықтары бар оқушылар үшін де, неғұрлым қабілетті балалар үшін де жеке оқыту бағдарламалары мен оқу жоспарларын бекітеді.

36. Мекемеде еңбекке баулу жұмысшы кадрларға қажеттілікке бағдарланған өңірлік, жергілікті жағдайларға сүйене отырып және психофизикалық дамудың, денсаулықтың, мүмкіндіктердің, сондай-ақ тәрбиеленушілердің мүдделерін ескере отырып, тәрбиеленушіні жеке еңбек қызметі үшін даярлауды қамтитын еңбек бейінін таңдау негізінде жүзеге асырылады.

37. Мекемедегі оқушылар өзіне-өзі қызмет көрсетуге және балалардың жасын, жынысын, физикалық мүмкіндіктерін, гигиена және олардың денсаулығын қорғау нормалары мен талаптарын ескере отырып, қоғамдық пайдалы еңбектің басқа да түрлеріне тартылады.

38. Мекеме оқушыларын жалпы білім беру бағдарламаларында, жоспарларда және Жарғыда көзделмеген еңбекке тартуға рұқсат етілмейді. Білім алушыларды қоғамдық-саяси және діни ұйымдарға, партиялар мен қозғалыстарға кіруге мәжбүрлеуге, сондай-ақ оларды осы ұйымдардың қызметіне, саяси акцияларға қатысуға тарту рұқсат етілмейді.

39. Оқушыларға қатысты физикалық, моральдық және психологиялық зорлық-зомбылық әдістерін қолдануға жол берілмейді.

Мекемедегі тәртіп, оқушылар мен мұғалімдердің қадір-қасиетін өзара құрметтеу негізінде сақталады.

40. Тәрбиеленушілердің жазғы демалысы мектеп жанындағы «Орленок» сауықтыру лагерінде (бұдан әрі – Лагерь) өтеді;

41. Лагерьдің міндеттері:

1) лагерьдің әлеуметтік-аумақтық ортасының мүмкіндіктеріне сүйене отырып, балаларды сауықтыру, демалу және каникул уақытын ұтымды пайдалану үшін қажетті жағдайлар жасау;

2) балалардың жас және жеке қажеттіліктерін қанағаттандыру, олардың мүдделері мен қабілеттерін дамыту;

3) балалардың физикалық және рухани дамуы;

4) олардың жалпы мәдениетін және салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыру;

5) жас ерекшеліктерін ескере отырып, тәрбиеленушілердің жаңа жағдайларға тез бейімделуі үшін барынша жағдай жасау.

42. Жазғы кезеңде балаға тамақтану нормалары 10% артады.

43. Лагерь жұмысын Мекеме қызметкерлері жүзеге асырады, жазғы кезеңге кадрлар жетіспеген жағдайда шарт негізінде уақытша қызметкерлер қабылдануы мүмкін.

44. Лагерьге маусымдық жұмысшылар: лагерь меңгерушісі, ғимараттарға кешенді қызмет көрсететін жұмысшы, дене шынықтыру нұсқаушысы қабылданады.

45. Лагерь меңгерушісін Мекеме басшысы қызметке тағайындайды және қызметтен босатады. Лагерь меңгерушісі тікелей Мекеме басшысына бағынады.

6. Мекемелердің білім алушылармен, тәрбиеленушілермен және олардың ата-аналарымен және өзге де заңды өкілдерімен қарым-қатынастарын ресімдеу тәртібі

46. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес Мекеменің білім алушыларымен, тәрбиеленушілерімен және олардың ата-аналарымен және өзге де заңды өкілдерімен қарым-қатынастарын ресімдеу тәртібі жүргізіледі.

47. Мекеменің педагогикалық және медициналық қызметкерлері, білім алушылар, тәрбиеленушілер білім беру процесінің субъектілері болып табылады.

48. Балаларды Мекемеге жіберуді басқару ОПМПК органы қорытындысы бойынша және ата-аналардың жеке өтініші бойынша жүзеге асырады.

Ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды Мекемеге тұрақты және уақытша болуға қабылдау онда Бос орындар болған жағдайда жыл бойы жүргізіледі. Сыныптардың (топтардың) шекті толықтырылуы 12 адамнан аспайды (психикалық дамуы тежелген балалар үшін), орташа ақыл-ой кемістігі бар балалар үшін сыныпта 6 адамға дейін.

49.) Тәрбиеленушілер Мекемеде бірінші оқу жылынан кейін ғана ОПМПК қорытындысы негізінде Мекеменің қосалқы сыныбына (тобына ауыстырылады.

50. Тәрбиеленушіні Мекемеден басқа білім беру ұйымына ауыстыруды басқару органы ОПМПК қорытындысының негізінде жүзеге асырады.

51. Ауданда басқа арнайы (түзету) білім беру ұйымдары болмаған жағдайда Мекеме ерекше білім беру қажеттілігі бар балалардың барлық санаттарына арнайы (түзету) көмек көрсете алады.

52. Балаларды Мекемеден шығару оның Мекемеде болуына кедергі келтіретін баланың денсаулық жағдайы туралы ОПМПК қорытындысы негізінде жүргізіледі.

53. Оқушылар, тәрбиеленушілер:

1) Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына сәйкес олардың даму ерекшеліктері мен әлеуетті мүмкіндіктерін ескеретін негізгі орта және арнайы тегін білім алуға;

2) ғылым негіздеріне сапалы оқытуға, медициналық қызмет көрсетуге, өмірін қорғауға, оқудың, өмір мен еңбектің қолайлы психологиялық және санитарлық-тұрмыстық жағдайларына;

3) демалуға, оның ішінде ұйымдастырылған және тегін;

4) Мекеме қызметкерлерімен тең құқылы жағдайға, өз ар-намысы мен абыройын құрметтеуге және қорғауға, рухани өмірдің тәуелсіздігіне;

5) адамның қадір-қасиетінің құрметтелуіне өз пікірін және сенімін еркін білдіруге;

6) 6 - рет ұтымды тамақпен тегін қамтамасыз етуге;

7) белгіленген нормалар бойынша жұмсақ және қатты мүкәммалмен, киіммен, аяқ киіммен және кеңсе керек-жарақтарымен (жетім балалар, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар және табысы аз отбасылардан шыққан балалар) тегін қамтамасыз етуге;

8) оқу, ғылыми және шығармашылық қызметтегі жетістіктері үшін көтермеленуге құқылы.

54. Оқушылар, тәрбиешілер міндетті:

1) Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарына сәйкес білім мен практикалық дағдыларды меңгеру;

2) Мекеменің ішкі тәртіп ережелерін сақтауға, осы Жарғыда, шартта белгіленген талаптарды орындауға;

3) Өз денсаулығын қадағалауға, рухани және дене дамуын жетілдіруге ұмтылуға (салауатты өмір салтын ұстануға);

4) Мекеме қызметкерлері мен оқушылардың ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеуге;

5) Мекеменің мүлкіне ұқыпты қарауға міндетті.

55. Мекеме түлектеріне:

1) қорытынды мемлекеттік аттестаттаудан табысты өткен адамдарға ұйымның мөрімен расталған тиісті білімі туралы мемлекеттік үлгідегі құжат беріледі;

2) ұйымның осы түрі үшін белгіленген үлгідегі аттестат беріледі;

3) ақыл-ойы орташа бұзылған оқушыларға белгіленген үлгідегі аттестат беріледі.

56. Мекеменің персоналын жинақтау тәртібі оның жарғысымен және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес реттеледі.

57. Педагог қызметкерлердің:

1) кәсіби қызмет үшін қажетті жағдайларды қамтамасыз етуге;

2) мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын сақтай отырып, педагогикалық қызметті ұйымдастырудың нысандары мен әдістерін еркін таңдауға;

3) педагогикалық практикаға жаңа әдістемелер мен технологияларды енгізу, оқушыларды адамгершілік-рухани құндылықтарды құрметтеу рухында тәрбиелеу;

4) жеке педагогикалық қызметке;

5) педагогикалық кеңестің жұмысына қатысу;

6) ұзақтығы төрт айдан аспайтын, бес жылда бір рет біліктілігін арттыруға міндетті;

7) санатын арттыру мақсатында аттестаттаудан мерзімінен бұрын өту;

8) педагогикалық қызметтегі табыстары үшін материалдық және моральдық көтермелеуге, мемлекеттік наградтауға, құрметті атақтарға, сыйлықтар мен атаулы стипендияларға;

9) кәсіби ар-намысы мен абыройын қорғауға;

10) мекеме әкімшілігінің бұйрықтары мен қаулыларына шағымдануға;

11) шығармашылық, қоғамдық және педагогикалық бастама білдіруге;

12) оқу процесіне кедергі келтіретін оқушыларға шара қолдану туралы әкімшілік алдында өтініш жасауға құқығы бар.

58. Педагог қызметкерлер міндетті:

1) өзінің кәсіби қызметі саласында теориялық және практикалық білім мен оқыту дағдыларын меңгеру;

2) мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына сәйкес білім беру қызметінің сапасын қамтамасыз етуге;

3) оқушыларды ата-аналарына, этномәдени құндылықтарға құрмет рухында тәрбиелеу, қоршаған ортаға ұқыпты қарау;

4) оқушылардың шығармашылық қабілеттерін, өмірлік дағдыларын, өз бетінше жұмыс істей білуін дамыту;

5) өзінің кәсіби шеберлігін тұрақты жетілдіруге;

6) кемінде бес жылда бір рет аттестациялануға;

7) педагогикалық әдепті сақтауға;

8) оқушылар мен олардың ата-аналарының ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеуге;

9) ішкі тәртіп ережелерін сақтауға міндетті;

10) оқушылардың денсаулығын сақтау туралы қамқорлық жасауға, олардың жеке ерекшеліктері мен өмір сүру жағдайларын зерттеуге, ата-аналармен немесе оларды алмастыратын адамдармен үнемі байланыста болуға;

11) сынып журналдарын жүргізу ережелерін сақтауға, оқушылардың білімін уақтылы және объективті бағалауға міндетті;

12) алдын ала келісім бойынша ата-аналарды, Мекеме әкімшілігін сабаққа жіберуге;

13) оқушыларды сыныпқа қоңырау соғу арқылы қабылдау және босату, мұғалімнің оқушыларды үзілістен айыруға құқығы жоқ;

14) оқу сабақтары мен сыныптан тыс іс-шаралар кезінде балалардың өмірі мен денсаулығы үшін жауапты болуға;

15) жоқ педагогтарды алмастыру;

16) оқу күні бойы кезекші мұғалімнің міндеттерін адал орындауға міндетті.

59. Міндеттері мен педагогикалық этикалық нормаларды бұзғаны үшін педагог қызметкер Қазақстан Республикасының заңнамасына және еңбек шартына сәйкес жауапкершілікке тартылуы мүмкін.

60. Мұғалімдер, тәрбиешілер үшін нормативтік оқу жүктемесі қолданыстағы заңнамаға сәйкес белгіленеді. Ағымдағы жылға белгіленген оқу жүктемесінің көлемін Мекеме әкімшілігінің бастамасы бойынша осы жылдың соңына дейін азайтуға болмайды.

61. Мекемеде медициналық қамтамасыз етуді Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес штаттық медицина қызметкерлері жүзеге асырады, олар Мекеме әкімшілігімен бірлесіп тәрбиеленушілердің денсаулығын сақтауға және олардың психофизикалық жай-күйін нығайтуға, диспансерлеуге, алдын алу іс-шараларын жүргізуге жауап береді және санитарлық-гигиеналық және эпидемияға қарсы режимнің сақталуын, дене тәрбиесін және шынықтыруды, тамақтануды, оның ішінде диеталық режимді ұйымдастыруды бақылайды.

62. Медицина қызметкерлері:

1) педагогтарға жеке және сараланған тәсілді ұйымдастыруға көмек көрсету;

2) тәрбиеленушілердің денсаулығы мен олардың даму ерекшеліктерін ескере отырып, педагогтарға медициналық-педагогикалық түзету, еңбекке баулу бейінін таңдау, кәсіптік бағдарлау, жұмысқа орналастыру бойынша ұсынымдар береді;

3) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес өзге де көмек көрсетеді.

63. Мекемеде дәрі-дәрмектер мен физиотерапиялық емдеу, климаттерапия және шынықтыру, физиотерапия жаттығулары, массаж және психотерапия жүргізіледі.

64. Оқушылар мемлекеттің толық және толық емес қамтамасыз етуінде. Мекеме жанындағы интернатта тәулік бойы болатын балаларға алты рет, қалғандарына төрт рет тамақ беріледі.

65. Оқушылардың санитарлық-гигиеналық еңбек нормаларын және қауіпсіздік техникасын сақтауын бақылау Мекеме әкімшілігіне, медицина қызметкерлеріне, мұғалімдерге, тәрбиешілерге, тәрбиешілердің көмекшілеріне жүктеледі.

66. Мекемеде облыстан келген және әртүрлі себептермен демалыс, мереке күндері үйлеріне кете алмайтын аз қамтылған отбасылардың тәрбиеленушілері үшін тәулік бойы ұстайтын топтар құрылады.

67. Аз қамтылған отбасылардың балалары қысқы және жазғы киім-кешекпен, аяқ киіммен, кеңсе тауарларымен қамтамасыз етілуі мүмкін.

68. Мекеме мен білім алушылар, тәрбиеленушілер арасындағы өзара қарым-қатынастар қолданыстағы заңнамаға сәйкес анықталады және реттеледі.

7. Мекемені басқару

69. Мекемені жалпы басқаруды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айқындалған Басқару органы жүзеге асырады.

70. Басқару органы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен функцияларды жүзеге асырады:

1) Мекемені қаржыландырудың жеке жоспарын бекітеді;

2) Мекеме мүлкінің сақталуына бақылауды;

3) Мекеменің басқару органдарының құрылымын, құрылу тәртібін және өкілеттілік мерзімін, Мекеменің шешім қабылдау тәртібін анықтайды;

4) Мекеме басшысының құқықтарын, міндеттерін және жауапкершілігін, оны атқаратын қызметінен босатудың негізін белгілейді;

5) Мекеменің құрылымы мен шекті штат санын бекітеді;

6) Мекеме басшысының ұсынуы бойынша оның орынбасарын (орынбасарларын) қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

7) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жылдық қаржылық есептілікті бекітеді;

8) Мекемеге берілген мүлікті алып қоюға немесе қайта бөлуге Уәкілетті органға келісім береді.

71. Уәкілетті орган Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мынадай функцияларды жүзеге асырады:

1) Мекемеге мүлікті бекітіп береді;

2) Мекеменің жарғысын, оған енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды бекітеді;

3) Мекемені қайта құру және тарату туралы шешім қабылдайды.

72. Мекеме басшысын Басқару органы қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

73. Мекеме басшысы Мекеменің жұмысын ұйымдастырады және оған басшылық жасайды, Басқару органына тікелей бағынады және Мекемеге жүктелген міндеттердің орындалуы мен оның өз функцияларын жүзеге асыруы үшін дербес жауапты болады.

74. Мекеме басшысы дара басшылық қағидаттарында әрекет етеді және Мекеме қызметінің мәселелерін Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы жарғымен айқындалатын өз құзыретіне сәйкес дербес шешеді.

75. Мекеме қызметін жүзеге асыру кезінде Мекеме басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте:

1) Мекеме атынан сенімхатсыз әрекет етеді;

2) мемлекеттік органдарда, өзге де ұйымдарда Мекеменің мүдделерін білдіреді;

3) шарттар жасасады;

4) сенімхаттар береді;

5) Мекеменің іссапарлар, тағылымдамалар, қызметкерлерді қазақстандық және шетелдік оқу орталықтарында оқыту және қызметкерлердің біліктілігін арттырудың өзге де түрлері бойынша тәртібі мен жоспарларын бекітеді;

6) банк шоттарын ашады;

7) барлық қызметкерлер үшін міндетті бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;

8) Мекеме қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды және жұмыстан босатады;

9) Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте Мекеме қызметкерлеріне көтермелеу шараларын және тәртіптік жаза қолданады;

10) өз орынбасарының (орынбасарларының) және Мекеменің өзге де басшы қызметкерлерінің міндеттері мен өкілеттік аясын айқындайды;

11) білім алушылардың контингентін қалыптастырады, олардың әлеуметтік қорғалуын қамтамасыз етеді;

12) техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында қоғамдық тамақтандыру, медициналық қызмет көрсету ұйымдарының жұмыс істеуі және олардың жұмысын бақылау үшін қажетті жағдайларды қамтамасыз етеді;

13) жұмыс берушілермен және әлеуметтік әріптестермен жұмысты үйлестіреді;

14) педагогикалық кеңестің жұмысын басқарады;

15) білім беру ұйымының білім беру қызметінің саласын қолдау және кеңейту мақсатында білім берудің инновациялық технологияларын енгізуді және тартуды қамтамасыз етеді;

16) кадрларды іріктеуді және орналастыруды жүзеге асырады, педагогикалық және тәрбие процесінің қажетті деңгейін қамтамасыз етеді, олардың біліктілігі мен кәсіби шеберлігін арттыру үшін жағдайлар жасайды;

17) үздіксіз кәсіптік оқыту жөнінде білім беру ұйымдарымен бірлескен жұмыс бойынша жалпы басшылықты жүзеге асырады;

18) жұртшылықпен байланысты қамтамасыз етеді, ата-аналармен (оларды алмастыратын адамдармен) жұмысты үйлестіреді;

19) жоғары, қоғамдық және басқа ұйымдарда мекеменің атынан шығады;

20) әлеуметтік әріптестік пен халықаралық ынтымақтастықты кеңейту жөніндегі шараларды жүзеге асырады;

21) Басқару органына оқу, ғылыми және қаржылық қызмет нәтижелері туралы жыл сайынғы есепті ұсынады;

22) еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы жөніндегі заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық актілер талаптарының орындалуын қамтамасыз етеді және қауіпсіз еңбек жағдайларын жасайды.

76. Мекеме басшысы Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен:

1) білім алушылардың, тәрбиеленушілердің, білім беру ұйымы қызметкерлерінің құқықтары мен бостандықтарын бұзбауға;

2) өзінің құзыретіне жатқызылған функцияларды орындауға;

3) мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының талаптарын бұзбауға;

4) білім алушылардың, тәрбиеленушілер мен білім беру ұйымдары қызметкерлерінің оқу және тәрбие процесі кезіндегі өмірі мен денсаулығына;

5) қаржы-шаруашылық қызметінің жай-күйі, оның ішінде материалдық және ақша қаражатын мақсатсыз пайдаланбауына;

6) ерлер мен әйелдердің тең құқықтарының және тең мүмкіндіктерінің мемлекеттік кепілдіктері туралы заңнаманы сақтауға;

7) Мекеме қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы сақтауына жауапты.

77. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылатын және жұмыс істейтін Педагогикалық кеңес, Қамқоршылық кеңес Мекеменің алқалы басқару органдары болып табылады.

78. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес Мекеме, Уәкілетті орган және Басқару органы, Мекеме әкімшілігі және еңбек ұжымы арасындағы өзара қарым-қатынастар жүзеге асырылады.

8. Мекеме мүлкін қалыптастыру тәртібі

79. Мекеменің мүлік құны оның теңгерімінде көрсетілетін заңды тұлғаның активтері құрайды. Мекеменің мүлкі мыналардан:

1) өзіне Уәкілетті орган берген мүліктен ;

2) өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүліктен (ақшалай кірістерді қоса алғанда);

3) Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

80. Мекеме өзіне бекітілген мүлікті және оған сметада бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқылы емес.

81. Мекеме білім алушыларға бюджет қаражаты есебінен тегін білім беру қызметтерін көрсетеді.

82. Мекеменің қызметі Басқару органының бюджетінен қаржыландырылады.

83. Мекеме Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бухгалтерлік есеп жүргізеді және есеп береді.

84. Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Мекеменің қаржы-шаруашылық қызметін тексеруді және ревизиялауды Басқару органы жүзеге асырады.

9. Мекемедегі жұмыс тәртібі

85. Мекеменің жұмыс тәртібі ішкі еңбек тәртібі қағидаларымен белгіленеді және Қазақстан Республикасы Еңбек заңнамасының нормаларына қайшы келмеуі тиіс.

10. Құрылтай құжаттарына өзгерістер мен

12

толықтырулар енгізу тәртібі

86. Мекеменің құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу Құрылтайшының шешімі бойынша жүзеге асырылады.

87. Мекеменің құрылтай құжаттарына енгізілген өзгерістер мен толықтырулар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тіркеледі.

11. Мекемені қайта ұйымдастыру және тарату шарттары

88. Мекемені қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

89. Мекемені қайта ұйымдастыру және тарату құрылтайшының шешімі бойынша жүргізіледі.

90. Мекеме заң актілерінде көзделген басқа да негіздер бойынша таратылады.

91. Таратылған мекеменің кредиторлардың талаптарын қанағаттандырғаннан кейін қалған мүлкін мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган немесе жергілікті атқарушы орган не аудан әкімімен және жергілікті қоғамдастық жиналысымен келісім бойынша – ауылдық округ әкімінің аппараты қайта бөледі.

92. Таратылған мекеменің ақшасы, осы заңды тұлғаның мүлкін өткізу нәтижесінде алынған қаражатты қоса алғанда, кредиторлардың талаптары қанағаттандырылғаннан кейін қалған ақша тиісті бюджеттің кірісіне есептеледі.

Утвержден
постановлением акимата
Северо-Казахстанской области
от 16 июня 2021 года № 120

УСТАВ
коммунального государственного учреждения
«Шоптыкольская специальная школа-интернат» коммунального
государственного учреждения «Управление образования акимата
Северо-Казахстанской области»

село Шоптыколь

14

1. Общие положения

1. Коммунальное государственное учреждение «Шоптыкольская специальная школа-интернат» коммунального государственного учреждения «Управление образования акимата Северо-Казахстанской области» (далее – Учреждение) является некоммерческой организацией, обладающей статусом юридического лица, созданной в организационно-правовой форме учреждения для осуществления образовательных и специальных функций.

2. Вид учреждения: коммунальное.

3. Учреждение создано решением Кокчетавского областного совета народных депутатов от 7 июня 1988 года № 244-9.

4. Учредителем Учреждения является акимат Северо-Казахстанской области (далее – Уполномоченный орган).

Юридический адрес Уполномоченного органа:
150011, Северо-Казахстанская область,
город Петропавловск,
улица Конституции Казахстана, 58.

Уполномоченным органом соответствующей отрасли Учреждения является коммунальное государственное учреждение «Управление образования акимата Северо-Казахстанской области» (далее – Орган управления).

Юридический адрес Органа управления:
150011, Северо-Казахстанская область,
город Петропавловск,
улица Конституции Казахстана, 58.

5. Наименование Учреждения:

На государственном языке: «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Шөптікөл арнайы мектеп - интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

На русском языке: коммунальное государственное учреждение «Шоптыкольская специальная школа-интернат» коммунального государственного учреждения «Управление образования акимата Северо-Казахстанской области».

6. Место нахождения Учреждения:
150713, Северо-Казахстанская область,
район имени Габита Мусрепова,
село Шоптыколь,
улица Целинная, 24.

2. Юридический статус учреждения

7. Учреждение считается созданным и приобретает права юридического лица с момента его государственной регистрации.

15

8. Учреждение имеет самостоятельный баланс, счета в банках в соответствии с законодательством Республики Казахстан, бланки, печати с изображением Государственного Герба Республики Казахстан и наименованием Учреждения.

9. Учреждение не может создавать, а также выступать учредителем (участником) другого юридического лица.

10. Учреждение отвечает по своим обязательствам, находящимися в его распоряжении деньгами.

